

Азаматтардың жекелеген санаттарына мерекелік және айтулы күндерге әлеуметтік көмек көрсету қағидалары туралы

Күші жойған

Астана қаласы Мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 142/18-III Шешімі.
Астана қаласы Әділет департаментінде 2005 жылғы 1 шілдеде N 394 тіркелді.
Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы N 16/4-IV шешімімен

Ескерту: Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы N 16/4-IV шешімімен

Астана қаласы әкімдігінің ұсынысын қарап, Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексін және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

Қоса беріліп отырған Азаматтардың жекелеген санаттарына мерекелік және атаулы күндерге әлеуметтік көмек көрсету Қағидасы бекітілсін.

*А с т а н а қ а л а с ы н ы ң
м ә с л и х а т ы с е с с и я с ы н ы ң*

төрағасы

А с т а н а қ а л а с ы

мәслихатының хатшысы

Келісілді:

*А с т а н а қ а л а с ы н ы ң
Ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж әне
ә л е у м е т т і к б а ғ д а р л а м а л а р*

департаментінің директоры

*А с т а н а қ а л а с ы м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 0 5 ж ыл ғ ы 2 6 м а м ыр д а ғ ы
N 1 4 2 / 1 8 - I I I ш е ш і м і м е н
бекітілген*

**Азаматтардың жекелеген санаттарына мерекелік және айтулы күндері әлеуметтік көмек көрсету
ҚАҒИДАСЫ**

Осы Азаматтардың жекелеген санаттарына мерекелік және айрықша күндері әлеуметтік көмек көрсету Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Қағида Астана қаласында тіркелген және тұратын азаматтардың жекелеген санаттарына азық-түлік жиынтығы және мерекелік түскі астарды ұйымдастыру түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібін анықтайды.

2. Әлеуметтік көмек мына мерекелік және айтулы күндерге көрсетіледі:

- 1) 1 қаңтар - Жаңа жыл;
- 2) 15 ақпан - Ауғанстаннан кеңестік шектеулі әскери контингентті әкету күні;
- 3) 8 наурыз - Халы Наурыз мейрамы;
- 5) 26 сәуір - Чернобыль атомдық электростанциясындағы апат құрбандарын еске алу күні;
- 6) 1 мамыр - Қазақстан қаралық әйелдер күні;
- 4) 22 наурыз - халықтарының бірлік мерекесі;
- 7) 9 мамыр - Жеңіс күні;
- 8) 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні;
- 9) 1 қазан - Қарттар күні;
- 10) 10 қазан - Мүгедектер күні;
- 11) 25 қазан - Республика күні;
- 12) 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні.

3. Мерекелік және айтулы күндерге мынадай санаттағы азаматтарға:

1) 1 қаңтар - он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға, ата-анасынан айрылған және асыраушысынан айрылғандығы (тұлдыр жетімдер) бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын балаларға және аз қамтылған отбасыларға азық-түлік жиынтығы және мерекелік түскі ас түрінде;

2) 15 ақпан - Ауғанстан соғысына қатысушыларға және мүгедектерге азық-түлік жиынтығы және мерекелік түскі ас түрінде;

3) 8 наурыз - көп балалы, кәмелетке толмаған төрт және одан көп бірге тұратын балалары бар (оның ішінде балалары жоғары және арнаулы оқу

орындарында оқитын, кәмелетке толғаннан кейін - олардың оқу орнын бітіруіне дейін) азық-түлік жиынтығы түрінде;

4) 22 наурыз - көп балалы, кәмелетке толмаған төрт және одан көп бірге тұратын балалары бар (оның ішінде балалары жоғары және арнаулы оқу орындарында оқитын, кәмелетке толғаннан кейін - олардың оқу орнын бітіруіне дейін) жетім балаларға азық-түлік жиынтығы түрінде;

5) 26 сәуір - Чернобыль атомдық электростанциясы апатының зардаптарын жоюға қатысушы тұлғаларға азық-түлік жиынтығы және мерекелік түскі ас түрінде ;

6) 1 мамыр - кедейшілік шегінен төмен немесе тең орташа жандық жиынтық пайдасы бар аз қамтылған отбасыларға мерекелік түскі ас түрінде;

7) 9 мамыр - Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, мүгедектерге және оларға теңестірілген тұлғаларға азық-түлік жиынтығы және мерекелік түскі ас түрінде;

8) 31 мамыр - саяси қуғын-сүргін құрбандарына азық-түлік жиынтығы және мерекелік түскі ас түрінде ;

9) 1 қазан - аз қамтылған зейнеткерлерге азық-түлік жиынтығы және мерекелік түскі ас түрінде ;

10) 10 қазан - мүгедектерге және он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға азық-түлік жиынтығы және мерекелік түскі ас түрінде;

11) 25 қазан - зейнеткерлерге және кедейшілік шегінен төмен немесе тең орташа жандық жиынтық пайдасы бар аз қамтылған отбасыларға азық-түлік жиынтығы түрінде ;

12) 16 желтоқсан - аз қамтылған мүгедектерге азық-түлік жиынтығы және мерекелік түскі ас түрінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

4. Әлеуметтік көмек қаланың аудандары бойынша көрсетіледі.

5. "Жергілікті атқарушы органдарының шешімдерімен көмекке мұқтаж жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасының әкімгері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) болып табылады.

6. Осы Қағиданың 3-тармағында көрсетілген санаттағы азаматтарға уақытында әлеуметтік көмек көрсету мақсатында Департамент Астана қаласының аудандары әкімдерімен бірігіп (бұдан әрі - Аудан әкімдері), Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларына сәйкес жыл сайын көзделген қаражат шегінде қызмет жеткізушілермен (бұдан әрі - Жеткізушілер) азық-түлік жиынтығын дайындауға, мерекелік түскі асты ұйымдастыруға және өткізуге шарттар жасасады.

7. Азаматтардың жекелеген санаттарына мерекелік және айрықша күндері әлеуметтік көмек көрсетудің қаржыландыру көзі Астана қаласының бюджеті болып табылады.

2. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

8. Департамент Аудан әкімдерімен тығыз байланыса отырып, осы Қағиданың 3-тармағында көрсетілген санаттағы азаматтарға мерекелік және айтулы күндері әлеуметтік көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

9. Аудан әкімдері айтулы және мерекелік күнге дейін 15 күн бұрын осы Қағиданың 3-тармағында көрсетілген санаттағы азаматтардың тізімін жасап, нақтылы мекен-жайын көрсетіп, Департаментке салыстыру үшін ұсынады (бұдан әр і - Т і з і м д е р) .

10. Департамент азық-түлік жиынтығы ретінде әлеуметтік, көмек көрсеткенде мерекелік және айтулы күндерге бес күн қалғанда Аудан әкімдеріне салыстырылған тізімді қайтарады.

11. Аудан әкімдері салыстырылған Тізімдерге сәйкес қажетті Жеткізушілерге азық-түлік жиынтығы көлеміне тапсырыс беріп, ол тапсырыс екі күн мерзімде ә к е л і н у і қ а ж е т .

12. Аудан әкімдері бес күнтізбелік күн ішінде тізімге сәйкес азық-түлік жиынтығын береді, қажет болған жағдайда - мекен-жай бойынша жеткізеді.

13. Аудан әкімдері үш күн ішінде азық-түлік жиынтығын бергеннен кейін азаматтардың әлеуметтік көмекті алғандығы туралы белгісі Тізімді қайтарады.

14. Тізімде көрсетілген мекен-жай бойынша әлеуметтік көмек алушы болмаса, Аудан әкімдері ол туралы Департаментті хабардар етеді.

15. Аудан әкімдері әлеуметтік көмекті мерекелік ас түрінде көрсеткенде Тізімге сәйкес мерекелік ас беру орындарына азаматтардың келуін қамтамасыз е т е д і .

16. Департамент атқарылған жұмыстардың актісі негізінде тиісті қаржылық жылға, осы мақсатта Астана қаласының бюджетінде қарастырылған қаражаттар шегінде Жеткізушілердің қызметтерінің төлемін жүргізеді.